ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 26 ақпан №2301-26-00-2/309 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Қыдыров Ердәулет Жанболатұлы»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Қыдыров Ердәулет Жанболатұлын» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Қыдыров Ердәулет Жанболатұлы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Қыдыров Ердәулет Жанболатұлынан» мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс:
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2026 жылғы 26 ақпанда шығарылды.
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2026 жылғы « » енді.
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О.Ш., 26.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, Судья Даурешова О.Ш., 13.04.2026

301-26-3-1/317